

**"Бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынына, газохолға, бензолға, мұнай еріткішіне, жеңіл көмірсулар қоспасына және экологиялық отынға арналған акциздер мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 6 сәуірдегі № 173 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 5 қазандағы № 786 қаулысы.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы қаулы 01.01. 2022 ж. бастап қолданысқа енгізіледі**

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынына, газохолға, бензолға, мұнай еріткішіне, жеңіл көмірсулар қоспасына және экологиялық отынға арналған акциздер мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 6 сәуірдегі № 173 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынына, газохолға, бензолға, мұнай еріткішіне, жеңіл көмірсутектер қоспасына және экологиялық отынға арналған акциздер мөлшерлемелерін бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 463-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынына, газохолға, бензолға, мұнай еріткішіне, жеңіл көмірсутектер қоспасына және экологиялық отынға арналған акциздер мөлшерлемелері бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынына, газохолға, бензолға, мұнай еріткішіне, жеңіл көмірсулар қоспасына және экологиялық отынға арналған акциздер мөлшерлемелері осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2022 жылғы 5 қазандағы  
№ 786 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2018 жылғы 6 сәуірдегі  
№ 173 қаулысымен  
бекітілген

**Бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда) дизель отынына, газохолға, бензолға, мұнай еріткішіне, жеңіл көмірсутектер қоспасына және экологиялық отынға арналған акциздер мөлшерлемелері**

P/c №		1 тоннаға акциздер мөлшерлемелері (теңгемен)		
		Бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 12 411 0-2710 12590 0)	Дизель отыны (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 19 421 0 - 2710 19 425 0)	Газохол, бензол, мұнай еріткіші, жеңіл көмірсутектер қоспасы және экологиялық отын (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 12 900 9, 2906 21 000 0, 2710 12 250 9, 2710 12 900 8, 2710 12)
1	2	3	4	5
1.	Өндірушілердің өздері өндірген бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынын, газохолды, бензолды, мұнай еріткішін, жеңіл көмірсутектер қоспасын және экологиялық отынды көтерме саудада өткізуі	38 134	35 726	38 134
2.	Жеке және заңды тұлғалардың бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынын, газохолды, бензолды, мұнай еріткішін, жеңіл көмірсутектер қоспасын және экологиялық отынды көтерме саудада өткізуі	0	0	0
	Өндірушілердің бензинді (			

3.	авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынын, газохолды, бензолды, мұнай еріткішін, жеңіл көмірсутектер қоспасын және экологиялық отынды бөлшек саудада өткізуі, өздерінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдалануы	38 634	35 786	38 634
4.	Жеке және заңды тұлғалардың бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынын, газохолды, бензолды, мұнай еріткішін, жеңіл көмірсутектер қоспасын және экологиялық отынды бөлшек саудада өткізуі, өздерінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдалануы	500	60	500
5.	Импорт	38 134	35 726	38 134
6.	Салық кодексінің 462-бабының 5) тармақшасында көрсетілген алыс-беріс шикізатын өңдеу өнімі болып табылатын акцизделетін тауарларды одан әрі Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге өткізу жағдайларын қоспағанда, көрсетілген тауарларды беру	38 134	35 726	38 134
	Салық кодексінің 462-бабының 5) тармақшасында			

7.	көрсетілген, алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімі болып табылатын акцизделетін тауарларды Салық кодексінің 471-бабында көзделген растайтын құжаттарды ұсына отырып, одан әрі Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге өткізген жағдайда көрсетілген тауарларды беру	0	0	0
----	---	---	---	---

Бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) бөлшек саудада өткізген кезде көлемнің өлшем бірлігі литр болған жағдайда литрден тоннаға аудару мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$M = \frac{V \times 0,730}{1000}, \text{ мұндағы:}$$

M – өткізілген бензиннің (авиациялық бензинді қоспағанда) көлемі, тоннамен;  
V – өткізілген бензиннің (авиациялық бензинді қоспағанда) көлемі, литрмен;  
0,730 – бензиннің (авиациялық бензинді қоспағанда) барлық түрлері үшін тығыздық көрсеткіші, кг/литр.

Дизель отынын бөлшек саудада өткізген кезде көлемнің өлшем бірлігі литр болған жағдайда литрден тоннаға аудару мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$M = \frac{V \times 0,769}{1000}, \text{ мұндағы:}$$

M – өткізілген дизель отынының көлемі, тоннамен;  
V – өткізілген дизель отынының көлемі, литрмен;  
0,769 – дизель отыны үшін тығыздық көрсеткіші, кг/литр.

Газохолды, бензолды, мұнай еріткішін, жеңіл көмірсутектер қоспасын, экологиялық отынды бөлшек саудада өткізген кезде салық салу мақсатында көлемнің өлшем бірлігі тонна болып табылады.

Ескертпе: тауар номенклатурасы ЕАЭО СЭҚ ТН кодымен және (немесе) тауардың атауымен айқындалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК